

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Педагогика және психология институты
«6D010500 – Дефектология» мамандығының докторанты

Ибатова Гаухар Биржановнаның

«Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» тақырыбында философия докторы PhD дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесшісі
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
психология ғылымдарының докторы **А.К.Сатованың**

ШІКІРІ

Г.Ибатованың «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі логопедия үшін маңыздының бірі - сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларда жиі кездесетін мәселесіне арналған.

Көптеген ғалымдардың арнайы зерттеулері бойынша әдебиетке шолу жасалып, талданған, сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтауға және дамытудың арнайы әдіс-тәсілдері мен моделі берілген.

Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және сөзжасам дағдыларын дамыту бүгінгі таңдағы отандық логопедияның өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі, осы уақытқа дейін, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықтауға, дамытудың жолдарына бағытталған арнайы зерттеулер Қазақстанда жүргізілмеген.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту логопедиялық жұмысын ұйымдастырудың формалары мен бағдарламаларының жоқтығы немесе тақырып аясындағы бөлімдердің қарастырылмағандығы, аталған категориядағы балалармен кешенді көмек ұйымдастыруда арнайы әдіс-тәсілдердің жоқтығынан мамандардың толық дайындығының әлсіздігі сынға алынады.

Гаухар Биржановна Ибатованың «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» ғылыми-зерттеу жұмыс тақырыбының өзектілігі төмендегідеймен негізделеді:

1. Зерттеу мәселесінің отандық және шетел ғылымы мен тәжірибесінде қарастырылуын талдау және бағалау.
2. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам процестері бұзылыстарының ерекшеліктерін анықтау.
3. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған логопедиялық жұмыс жүйесін құру, сынақтан өткізу.
4. Логопедиялық жұмыс жүйесінің тиімділігін дәлелдеу және мамандарға әдістемелік ұсыныстар құрастыру.

Г.Ибатованың зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми – тәжірибелік маңызы зор, мәселен:

1. Зерттеу мәселесінің отандық және шетел ғылымы мен тәжірибесінде қарастырылуын талдау және бағалау.
2. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам процестері бұзылыстарының ерекшеліктерін анықтау.
3. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған логопедиялық жұмыс жүйесін құру, сынақтан өткізу.
4. Логопедиялық жұмыс жүйесінің тиімділігін дәлелдеу және мамандарға әдістемелік ұсыныстар құрастыру.

Зерттеу барысында Г.Ибатованың зерттеу нәтижелерінің дәйектелігі мен сенімділігі бастапқы теориялық қағидалармен, зерттеу пәні мен міндеттеріне адекватты әдістер кешенін қолданумен, тәжірибелік-ізденістік жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде нәтижелердің қайталануымен, зерттеу болжамының дәлелденуімен, алынған мәліметтерді сандық және сапалық талдаумен қамтамасыз етілді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді сенімді, әрі тиянақты. Г.Ибатованың ғылыми- зерттеу базасы ретінде Алматы қаласы, Білім Басқармасына қарасты «№124 көру және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымы» КММ және «Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған №66 бөбекжай-балабақшасы» КММ алған. Зерттеу жұмысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған ересектер тобының тәрбиеленушілері алынып, онда анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттері жүргізілген.

Ғылыми нәтиженің жаңалығы мен дәрежесі және зерттеу жұмысында тұжырымдалған қорытынды:

1 нәтиже –жаңа. Психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерге шолу жасау барысында шетелдік және отандық ғылым мен практикадағы проблеманың даму жағдайына талдау жасалды.

2 нәтиже - жаңа. Отандық логопедия ғылымы үшін жаңа мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасамының қалыптасуы жөніндегі мағлұматтармен белгіленді. Алғаш рет сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған логопедиялық жұмыс жүйесін ғылыми- теориялық тұрғыдан ғылыми негізін дәлелдеуге әрекет жасалды.

3 нәтиже-жаңа. Зерттеу барысында құрылымдық- мазмұнды модель құрастырылды, оған сәйкес, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері теориялық тұрғыдан белгіленді.

4 нәтиже-жаңа. Алғаш рет сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту бойынша логопедиялық жұмыстың тиімді жүйесі ұсынылды. Арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының логопедтері, тәрбиешілеріне арналған «Сөйлеу тілі жалпы

дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік құралы мен мультимедиялық логопедиялық жаттықтырғыш құрастырылды.

Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалардың білім алуға құқықтарын, мазмұны мен шарттарын регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар; мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер; отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, халықаралық және республикалық конференциялар мен мерзімді басылымдардың материалдарына.

Зерттеудің кезеңдері:

1. Зерттеу мәселесі бойынша теориялық шолу және талдау (2006-2021жж.).
2. Сөзжасам дағдыларын зерттеуге арналған әдістемелерді құрастыру (2014-2015жж.).
3. Әдістемелерді сынақтан өткізу (2016-2018жж.).
4. Бақылау эксперименті. (2019-2020жж.).
5. Жұмысты рәсімдеу (2020-2021жж.).

Жұмыстың көлемі және құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш тарау, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшадан тұрады.

Кіріспеді тақырыптың өзектілігі негізделген, мәселенің зерттелу дәрежесі ашылған, зерттеудің нысаны, пәні, болжамы тұжырымдалды, мақсаттары, міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеудің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы анықталған.

Бірінші тарау «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасамның қалыптаспауы туралы зерттеулердің ғылыми-теориялық негіздері» деп аталады. Онда қазақ тіліндегі сөзжасам мәселесі және жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам жағдайы туралы теориялық шолу ұсынылған.

Екінші тарау «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері» деп аталады. Онда сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттама берілген, олардың сөзжасам дағдыларын эксперименттік зерттеудің қағидалары, әдістері, ұйымдастырылуы және нәтижелерін талдау (анықтау эксперименті) көрсетілген.

Үшінші тарау «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту әдістемесі» деп аталады. Онда қалыптастырушы және бақылау экспериментінің нәтижелері келтірілген, меңгеру динамикасы, логопедиялық жұмыстың мазмұны, мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың моделін қолдану әдістері көрсетілген.

Диссертациялық жұмыс 152 беттен құралған. Пайдаланған әдебиеттер тізімі 157 атаудан тұрады.

Зерттеу тақырыбының даму дәрежесі.

Балалардың сөзжасам мәселесіне деген қызығушылық ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда пайда болды. Осы уақытқа дейін бұл мәселеге деген қызығушылық әлі артуда, өйткені көптеген функцияларды орындайтын сөзжасам баланың сөйлеу құзіреттілігі мен сөз арқылы қарым қатынасының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Екі ғасыр бойы шетелдік лингвист-ғалымдар, психологтар, педагогтар, психолінгвисттер сөйлеу тілінің онтогенетикалық дамуындағы сөзжасамдық мүмкіндіктердің даму заңдылықтарын, реттілігін, кезеңдері мен сатыларын зерттеуді жалғастырды [В.В. Виноградов, Г. О. Винокур, А.Н. Гвоздев, Е. С. Кубрякова, А.А. Леонтьев, Е. Н. Негневицкая, Ф. А. Сохин, С. Н.Цейтлин, К. И. Чуковский, А. М. Шахнарович, Д. Б. Эльконин, Н.М.Юрьева т.б.].

Сонымен қатар, логопедияда сөйлеу патологиясы бар балалардың сөзжасам проблемасына жеткілікті көңіл бөлінеді. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары Р. Е. Левина тілдің барлық компоненттерінің жүйелі дамымауы бар балалардың ерекше санатын, яғни «жалпы сөйлеу тілінің дамымауы» деп, осы балалардың сөзжасамдық мүмкіндіктері әртүрлі екенін атап өтті. Сөзжасам дағдыларын игеру «лексикалық-грамматикалық жағының дамымауы элементтерімен кеңейтілген фразалық сөйлеу тілі бар» деген анықтамасына ие жалпы сөйлеу тілі дамымауының ІІІ деңгейіндегі балаларға ғана қол жетімді болатыны көрсетілді.

Содан бері, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы мәселесін зерттеген барлық зерттеушілер бұл балалардың жаңа сөз формаларын жасау мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігін атап өтті [Н.С.Жукова, Р. И. Лалаева, Г. А. Каше, Л. Ф. Спирина, Т.Б. Филичева, Г.В.Чиркина, Р. И. Шуйфер, А.В. Ястребова және т. б.]. Бұл ақпарат, әдетте, ЖСТД балалар туынды атауларды өз бетінше жасауда қиындықтарға тап болатынын анықтау сипатында болды. Осы негізде мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың [Н.С.Жукова, Н.В.Серебрякова, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина және т. б.] және мектеп жасындағы балалардың [Р. И. Лалаева, Н. И.Садовникова, Л. Ф. Спирина, Р. И. Шуйфер, А.В. Ястребова және т. б.] сөзжасам дағдыларын дамытудың кейбір бағыттары мен жеке әдістері белгілеген.

Теориялық шолу және талдау барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам процестерінің қалыптасуын жан-жақты зерттеуге, осы процестердің барысында балалардың нақты қиындықтарын анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер жүргізілген жүргізілмеген. Аталмыш балалардың сөзжасамын қалыптастырудың ғылыми негізделген әдістері әзірленбегені анықталды.

Сонымен қоса, ана тілі қазақ тілді сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың, сонымен қоса тілі қалыпты шыққан балалардың сөзжасам дағдылары мәселесіне арналған зерттеулер мүлдем жүргізілмеген.

Осының нәтижесінде, арнайы білім беру жүйесіндегі маңыздысы – мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту қажеттілігі

Сонымен қоса, ана тілі қазақ тілді сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың, сонымен қоса тілі қалыпты шыққан балалардың сөзжасам дағдылары мәселесіне арналған зерттеулер мүлдем жүргізілмеген.

Осының нәтижесінде, арнайы білім беру жүйесіндегі маңыздысы – мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту қажеттілігі мен осы дағдыларды дамытудың ғылыми негізделген логопедиялық жүйесінің құрастырылмағаны арасында қарама-қайшылық туындады.

Осылайша, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамын дамыту мәселесін ғылыми зерттеу өзекті және қажетті болып табылады.

Докторанттың әрбір жарияланымын дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Зерттеу мазмұны бойынша 20 ғылыми еңбек, оның ішінде Scopus мәліметтер базасына енгізілген жарияланымда -1 мақала, ҚР БҒМ БҒССҚҚ ұсынған журналдар тізіміне енгізілген - 4 мақала, монография – 1, әдістемелік құралдар – 5, логопедиялық жаттықтырғыш – 3 жақын шетел және ҚР - 3, ҚР журналдарында -3 мақала жарияланды.

Қорытындылай келе, Г.Б. Ибатованың «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы PhD философия докторы дәрежесін алу үшін қойылған талаптарға сай және қорғауға ұсынуға болады.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, психол.ғ. д.



А.К.Сатова